


Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Журналистика» кафедрасы

«БЕКТЕМІН»
Әлеуметтік-гуманитарлық
ғылымдар факультетінің
деканы  С. Абзалов
«24» 05 2024 ж.



«Журналистика» кафедрасында 2023-2024 оқу жылы
барысында атқарылған тәрбие
жұмыстарының жылдық

ЕСЕБІ

«Журналистика» кафедрасында 2023-2024 оқу жылы барысында атқарылған тәрбие жұмыстары мен іс-шараларының есебі


«ЖАС АҚЫН – ЖАҢА ТУҒАН АЙ СИЯҚТЫ» ПОЭЗИЯ КЕШІ

2023-24 оқу жылында Журналистика кафедрасында жоспарға сай және тыс іс-шаралар жүргізілді. 2024 жылдың 15-наурызында «Жас ақын – жаңа туған ай сияқты» атты поэзия кеші ұйымдастырылды. Поэзия кешінде Журналистика кафедрасының 1-3 курстар аралығында білім алатын студенттер өз шығармашылығын ұсынды. Жоғары деңгейде безендірілген сахна өз ерекшелігімен көрерменді тарта білді. Сахна төріндегі ләз экранда кештің тақырыбы жазылған. Залдың екі жағында ақындардың фотосуреттері ілініп тұрды. Ал сахна едені мен баспалдақтарда балауыз шамдар жанып тұрды.

Екі бөлімнен тұратын поэзия кешінің алғашқы бөлімінде жас қаламгерлер белгілі, танымал ақындардың өлеңдерін оқып берді. Талантты студенттер Абай Құнанбаевтың, Мұқағалы Мақатевтың, Фариза Оңғарсынованың, басқа да жас ақындардың өлең жолдарын оқып берді. Сахна төрінде әсем әндер шырқалып, көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады. Екінші курс студенті Асылханов \дидар гитарамен ән орындаса, бірінші курс студенті Айтбай Әлихан көңілді ән шашу тарту етті.

Ал екінші бөлімде өздері өлең жазатын жас ақындар шығармашылықтарымен бөлісті. Жас ақындардың шығармашылығында махаббат, достық, патриоттық тақырыптарда жыр оқып берді. Қазақ поэзиясымен қатар шетел поэзиясы да нақышына келтіріле оқылды. Кеш соңында студенттер «Бір үйдің баласындай» әнімен аяқтады. Әнмен әрленген поэзия кешінің берері мол. Аталмыш іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланып, көпшілік назарын аударды.

<https://www.facebook.com/share/p/3C22yJRxfuLmnns/?mibextid=WC7FNe>



«Жас ақын – жаңа туған ай сияқты» поэзия кешінен фотолар:




ЖУРНАЛИСТЕР «БАУЫРСАҚ-ПАТИ» ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

2024 жылдың 10-сәуірінде Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттерінің ұйымдастыруымен Ораза айтының алғашқы күніне орай «Бауырсақ-пати» шарасы ұйымдастырылды. Шараға қыздар қауымы және оқытушылар ыстық бауырсақтарын пісіріп әкелді. Түс мезгілінде жатақхана мен ректорат кешенінің арасында бауырсақ, айран, тәттілер таратылды. Университет студенттері мен қызметкерлері жылы лебіздерін білдіріп, бауырсақ пен тәттілерден ауыз тиді.



Ұйымдастырылған іс-шара әлеуметтік желілерде жарық көрді.

<https://www.instagram.com/reel/C5IIWCEt-uh/?igsh=MWd3Y21hb25uZ2dvZQ%3D%3D>





ЖАТАҚХАНАДАҒЫ ҚЫЗДАРМЕН КЕЗДЕСУ

«Журналистика» кафедрасының ұйымдастырумен кезекті шара өткізілді. 2024 жылдың 11-сәуірінде «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің жатақханадағы өмірімен танысып, тіршіліктерін көру мақсатында студенттермен кездесу өткіздік. Жатақханадағы студенттеріміздің бөлмелеріне арнайы барып, тыныс-тіршіліктерімен таныстық. Шәкірттеріміздің жағдайын біліп, туындаған сұрақтарына жауап бердік.

«Журналистика» кафедрасының
тәрбие жұмыстары секциясының
жетекшісі, оқытушы



А.Ташимова